

6B01601 – Тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы, 6B02201- -Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы академиялық дәрежесі беріледі.

Осы мамандықтағы бакалавр орта мектепте, лицейде, гимназияда, колледжде және басқа да орта арнаулы оқу орындарында Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы және гуманитарлық циклдегі пәндерді оқыта алады, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде (біліктілікті жоғарылату институттарында, баспаларда), кеңес беруші фирмаларда, оқу орындарында (лаборант, кабинет меңгерушісі, кеңесші, менеджер, т.с.с.), т.б. лауазымдық қызмет атқара алады. Сонымен қатар жалпы оқу орындары мекемелерінің жетекші лауазымды орындарында жұмыс істеуге құқылы.



Студенттер музейде

Мекен жайы: Студенттік проспект 1
asu.edu.kz Тел.: 8/7122/27630
asu.edu.kz/faculties/humanities-foreign/kz-wd-history-dep



IV-курс студенттері дөңгелек стол кезінде.



Тарихшы-археологтар қазба жұмысында



Тарихшы студенттер ЕХРО 2017 көрмесінде



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы

6B01601 – ТАРИХ
6B02201 – ТАРИХ
7M01601 – ТАРИХ
7M02201 – ТАРИХ

МАМАНДЫҚТАРЫ

2020 жыл

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіндегі тарихы бай және дәстүрі сақталған факультеттердің бірі.

Кафедра дайындайтын мамандықтар - **6В01601-Тарих, 6В02201-Тарих** мамандықтары.

«Тарих» мамандығының көптеген түлектері университет, институт, колледж, мектеп оқытушылары, сонымен бірге әртүрлі ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері, Қ.Р. Мәжіліс және Парламенті, облыстық, қалалық, аудандық маслихат депутаттары, әкімшілік, ұлттық қауіпсіздік, құқық қорғау қызмет саласының, мұрағат, мұражай қызметкерлері. Олардың қатарында ҚР Парламент Сенаты Сәрсенбай Еңсегенов, Атырау облыстық мемлекеттік архивының директоры Ә.Мұқтар, Өлкетану музейінің директоры Р.Харипова, тағы да басқа да танымал түлектеріміз бар.



Мамандық ұзақ жылдар бойы еліміздің көптеген ғылыми-зерттеу орталықтарымен, оқу орындарымен байланыста. Олардың қатарында Алматы, Астана, Ақтөбе, Орал және шетелдік Москва, Астрахань, Элиста қалаларының ғылыми орталықтары және университеттері бар. Бұдан басқа облыстық тарихи-өлкетану мұражайымен, облыстық мұрағатпен, облыстық ескерткіштерді қорғау мемлекеттік инспекциясымен өлке тарихына қатысты көптеген өзекті мәселелерді бірлесе шешу, зерттеу жұмыстарын жүргізу дәстүрге айналған.

Университетке тарихшы ғалымдарды жергілікті кадрлар есебінен дайындау үшін ҚР Білім министрлігінің бұйрығы 2006 жылы магистратура ашылды. Білкігі магистр мамандар дар дайындап шығаруда.



Студенттер білімін және тәрбиесін жетілдіру мақсатында жыл сайын Қазақстан тарихы бойынша Білім көрмесі, сайыстар, Халықаралық, Республикалық олимпиадалар, басқа да іс-шаралар өткізіліп тұрады, ал студенттердің үздік ғылыми шығармалары Республикалық ғылыми жобалар байқауына жіберіліп, облыстық, университет ішілік конференциялар материалдарында жарияланып тұрады.



Жыл сайын тарихшы студенттер «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, кафедра

оқытушыларының жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы ұйымдастырған Сарайшық тарихи кешеніндегі археологиялық қазбаларында өлкемізде археологиялық экспедиция жұмыстарына қатысып, ортағасырлық Сарайшық, Ақтөбе-Лаэти, Қорғанша қалаларындағы, сармат дәуірінің қорғандарындағы, Таскешу керуен-сарайындағы, Ресей Федерациясы Қалмақ Республикасындағы қазба жұмыстарында археологиялық практикадан өтеді.



Студенттердің тарихи «Мұра» үйірмесі «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде Атырау облысындағы этно-мәдени-тарихи зерттеу бағдарламасы аясында археологиялық, этнографиялық экспедицияларды ұйымдастыру, дарынды жастардың бастамаларын қолдау, қызығушылықтарын арттыру және олардың инновациялық іс-әрекеттері мен белсенділіктерін демеу мақсатында облыстық, республикалық, халықаралық конференциялар ұйымдастырып, әр түрлі деңгейдегі олимпиадалар, семинар-тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізіп тұрады.